

*¹Нурелова А. М.  ²Ниномия Т. 

^{1,2}Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Алматы, Қазақстан
E-mail: ¹nurelova_assiyal@kaznu.edu.kz, ²s0430062.ninomiya@gmail.com

ЖАПОНИЯДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ НЕКЕ МИГРАЦИЯСЫНЫҢ ДАМУЫ

Аңдатпа. Зерттеу жұмысының мақсаты – Жапониядағы халықаралық некенің дамуына шолу жасап, осы тақырыпта жазылған әдебиеттерді жинап, халықаралық неке тарихын хронологиялық, географиялық контексте дамуын талдау. Зерттеудің негізгі бағыты-халықаралық неке миграциясы, оның даму үрдісі. Мақаланың жаңалығы - халықаралық неке миграциясын Жапонияның академиялық дискурсында пайда болғаннан бастап, осы күнге дейін дамуын, негізгі көшбасшы аймақтарды анықтап, талдау, міндеттері – мәліметтер базасында қолжетімді жапон, ағылшын тілдерінде жазылған әдебиеттерді жинау, жүйелеу, зерттеу бағыттарын анықтау. Зерттеу нәтижелерін Жапониядағы халықаралық неке тарихына, даму тенденциясына, трендтеріне шолу, талдау жасау кезінде қолдануға ұсынылады. Зерттеу тақырыбының дамуын анықтау үшін жапон, ағылшын тілдерінде жазылған әртүрлі аймақтардан келген неке мигранттарының мотивтерін, олардың қоғамға интеграциялануын, өмірлік стратегияларын, ауылдық аймақтардағы қалыңдықтарды, Жапонияның миграциялық саясатын, заңдарын зерттеген жапон және шетелдік зерттеушілердің 30-ға жуық жұмыстары жинақталып, талданды. Зерттеу әдіснамасы – шолу, жүйелеу, топтау, контент-анализ әдістері қолданылды. Мәліметтерді жинау, топтастыру, талдау нәтижесінде халықаралық неке миграциясының дамуы Жапониядағы, дүниежүзіндегі саяси, экономикалық, әлеуметтік жағдайға тікелей байланысты екені анықталды. Әлемдік аренада орын алған саяси, әлеуметтік жағдай әлемдегі миграцияның сипатына тікелей әсер еткен, сонымен қатар Жапонияның экономикалық, әлеуметтік әлеуеті мигранттарға, соның ішінде неке мигранттарына тартылыс күші болғаны айқындалды. Сондай-ақ қабылдаушы және жіберуші қоғамдағы ішкі және сыртқы факторлар неке миграциясының сипатына, сандық көрсеткішіне, яғни, өсуіне, азаюына тікелей әсер ететіні анықталды.

Кілт сөздер: халықаралық неке миграциясы, неке мигранттары, дамуы, тарихы, мобильділік, жаһандану саясаты

Кіріспе

Жапониядағы неке миграциясының даму үрдісінде өзіндік ерекшелігі бар. Жапонияның миграциялық саясаты қатал болса да, өзінің дамыған экономикасымен, тұрақтылығымен, қауіпсіз қоғам имиджімен миграцияға жайлы елдердің бірі. Миграция, халықтың мобильділігі халықаралық неке санының өсуіне ықпалы зор. Халықаралық неке миграцияға себеп не оның салдары болып табылады. Зерттеу жұмыстарында халықаралық неке - экономикасы дамыған елге дамушы елдерден экономикалық мүддені көздеп, жаңа өмір іздеп келген миграцияның салдары ретінде қарастырады. Халықаралық неке мигранттары, әсіресе әйелдер бастапқы кезде экономикалық, құқықтық тұрғыдан тәуелді, құрылымдық қыспаққа тап болған жәбірленуші, кейіннен жаңа өмір тандап келген, құрбан емес, өз тандыры үшін жауап бере алатын жеке тұлға ретінде қарастырылып, олардың жаңа қоғамға үйренуі, әлеуметтенуі, құқықтық статусы, миграциялық саясат қарастырылғанмен, Жапониядағы халықаралық некеге жалпы барлық елді қамтыған, оның дамуына шолу жасаған зерттеу жұмысы аз. Тек посткеңестік елдер ғана емес, Жапониядағы халықаралық неке мигранттарын бір аймақпен шектемей жалпы қарастырылып, талданады. Жапониядағы жаппай халықаралық некенің өсуі, сол кездегі экономикалық даму, ішкі демографиялық мәселелер, ауылдық жерде ерлердің саны

әйел адамдардан көп болуы, қалыңдықтардың жетіспеушілігі үлкен роль атқарды. Жапонияның экономикасы дамып, халықтың жағдайы жақсарып, білім алып, мансап қуып, отбасын құруға асықпайтын әйелдер санының өсуі, олар ауылдан қалаға білім алуға көшіп, сол жерде жұмыс істеп, тұрақтануы, ауылда тұрып, ауылшаруашылығымен айналысатын ер адамға отбасын құруын қиындатуы, әлеуметтік, экономикалық жағдайдың әртүрлі болуының нәтижесінде, ауылдық жерде әйел адамдары жұмыс істейтін салаларда жұмыс күші жетіспей, сырттан келетін жұмысшыларға тәуелділік пайда болды. Осы жағдай миграцияның феминизациялануына әсер етті. Дамушы, Оңтүстік шығыс Азия елдерінен, әсіресе, Филиппин елдерінен қызмет көрсету саласына, үй шаруашылығында жұмыс істейтін мигранттар келе бастады. Сонымен қатар осы кезде әртіс визасымен келетін еңбек мигранттар саны да өсті. Бұл жапон ер адамдары мен жұмысқа келген әйелдер арасындағы белгілі бір қарым- қатынастың дамып, халықаралық отбасылардың пайда болуына алып келді. Сондай-ақ, жергілікті басқару мекемелері халық санының күрт төмендеуін, ауылдарды жойылудан сақтау мақсатында, осындай отбасыларын көбейтуге тырысты. 1980-1990 жж. жергілікті басқару мекемелері Филиппин, Тайланд, Оңтүстік Корея елдерінің әйелдері келетін танысу турларына қаржылай көмек көрсетті. Сұраныс болғандықтан, неке агенттіктері көбейіп, «почтамен келген қалыңдықтар» пайда болды. Екінші жағынан некені үй, ауыл шаруашылығында жұмысшы көзі ретінде пайдаланған мысалдар бар. Бұл мигрант әйелдердің қоғам тарапынан стигматизацияға ұшырауына алып келді.

Жапониядағы неке миграциясын географиялық контекстіне келетін болсақ, бұл категория әртүрлі сипатта болған. Бірінші толқын Оңтүстік Шығыс Азия елдерінен келген қалыңдықтар болса, екінші толқын бұрынғы Кеңес Одағынан келген қалыңдықтар, бұл қалыңдықтардың ерекшелігі мәдени капиталы жоғары, білімді әйелдер. Ал, қазіргі кезде білім алу, мансап қуу, жаңа ел көру, жаңа өмір бастау мақсатында шетелде тұрып көргісі келетін жаңашыл, білімді неке мигранттар саны басымдырақ.

Құқықтық тұрғыдан неке визасына тәуелділікті екі жақтан қарастырылған. Жапонияда Spouse or child of Japanese National деген виза түрі бар. Бұл визаның артықшылығы еш шектеусіз жұмыс істеуге мүмкіндік береді, бірақ оны алу, ұзарту, тікелей жапон азаматы - жолдасының келісіміне байланысты. Зерттеу жұмысының мақсаты – Жапониядағы халықаралық некенің даму тарихын хронологиялық, географиялық контекстте қарастырып, салыстырмалы талдау жасау.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу жұмысын жазу барысында шолу, контент-анализ, жинау, талдау әдістері қолданылды. Scopus мәліметтер базасы мен J-stage – Жапониядағы ғылыми мақалалар мен журналдардың онлайн платформасынан жапон, ағылшын тілдерінде жазылған халықаралық неке, миграция, халықаралық неке мигранттары туралы 30-ға жуық жұмыстар жинақталды. Жиналған еңбектерде халықаралық неке миграциясындағы зерттелген бағыттар, елдер жеке-жеке қарастырылып, бұл процесс Жапонияда қай жылдары басталғаны, оның даму үрдісінен, ең көп зерттелген елдеріне, тақырыптарына байланысты бөліп, анықтама берілді. соның ішінде әртүрлі аймақтардан келген халықаралық неке мигранттарының мотивтерін, олардың қоғамға бейімделуін, өмірлік стратегияларын, Жапонияның миграциялық саясатын, заңдарын қарастырған жапон және шетелдік зерттеушілердің географиялық, хронологиялық категорияларға бөлініп, талданды. Соның нәтижесінде осы уақытқа дейін Жапонияда халықаралық неке мигранттары туралы зерттелген жұмыстарының негізгі бағыттары, трендеттері анықталды, сонымен қатар ең көп зерттелген елдер, осы тақырыптың жаң-жақты зерттелуіне не түрткі болғаны айқындалды.

Талқылау

Академиялық дискурста халықаралық неке термині 1867 ж бастап, жапон ресми құжаттарында кездеседі (Kamoto, 2001: 62–82). Жапон ғалымдары И. Камото, Ф. Нитта, Т. Хара, Ш. Такешита Жапониядағы халықаралық некенің пайда болуын, дамуын, халықаралық неке ұғымына анықтама берген. 2000 жж. Х. Комаи неке миграциясының дүниежүзінде белең алуын, оған себеп болған факторларды қарастырған, Н. Сузуки, Н. Пайпер Жапониядағы саны бойынша ең көп Оңтүстік Шығыс Азия елдерінен келген неке мигранттары Олар өз зерттеулерінде халықаралық неке мигранттарының қоғамға интеграциялануы, қоғамда қандай қиыншылықтармен кездесетінін анықтаған, В. Ким, В. Мухина, Е. Байбиков, К. Головина бұрынғы Кеңес Одағына кірген елдерден келген неке мигранттарының көшу себептері, салдары, олардың жаңа қоғамға бейімделуі, натурализациясын зерттеген.

Академиялық дискурста халықаралық неке термині 1867 ж бастап, жапон ресми құжаттарында кездеседі (Kamoto, 2001: 62–82). Бірақ 1873 ж дейін халықаралық некеге қатысты нақты ресми саясат болмады. Осы жылы Жоғарғы Кеңестің заңы шығып, № 103 тармағында жапон азаматы мен шетелдік азаматы арасындағы неке заңдастырылды. 1873–1897 жж аралығында қиылған 265 некенің 180-і халықаралық неке болған. бұл термин 1889 ж пайда болған Халықаралық неке мәселесін қарастыру Мәйдзи кезеңінен бастау алғанымен, алғашқы халықаралық неке толқыны екінші дүниежүзілік соғыстан кейін басталып, сэнсо ханаэмэ деген атаумен белгілі, Жапониядағы американдық базада қызмет еткен әскерилермен некеге тұрғандар. АҚШ әскери базасының Окинава аралында салынуы, осы аралға көптеген әскери адамдардың келуі жапон әйелдері мен американдық әскери адамдарының арасындағы махаббатқа, отбасын құруға алып келді (Kamoto, 2001; Komai, 2001; Kim, Balgoa, Yamamoto, 2022). Екінші толқын 1960–1970 жж. экономиканың жедел өсу кезеңімен байланысты. Шетелде жапон компаниялары ашылып, шетелде жұмыс істейтін, саяхаттайтын, білім алатын жапондардың саны өсті. Халықаралық некенің өсуі 1970 ж. басталады, 1965 ж. 0, 43% 1980 ж. 0,93%, ал 2005 ж. 5,77% өсті (Melody, Wen-Shan, 2007). 2005-2010 жж. күрт өсіп, 2010–2015 жж. күрт кеміп, 2020 жж. бастап қалыпты динамика сақталуда (Kim, Balgoa, Yamamoto, 2022: 5–6). Географиялық тұрғыдан Оңтүстік Азия, Оңтүстік Шығыс Азия елдері, посткеңестік мемлекеттер, Еуропа елдері қамтылған. Жапониядағы, жалпы Азиядағы миграцияның феминизациялануы халықаралық некенің өсуіне ықпал етіп, қоғамда көптеген қарама-қайшылық тудырып, зерттеу фокусына айналды. Оның ішінде Оңтүстік Шығыс Азия, Шығыс Азия мемлекеттерінен келген әйел адамдарының көп болуы, әсіресе Филиппин әйелдерінің қиын жағдайы, жапон қоғамында кемсітушілікке ұшырауы, халықаралық әйел саудасының белең алуы осы жағдайға жіті назар аударта бастады. Жапониядағы филиппин әйелдерінің образы 1980 ж. бастап екіұшты болды: әртістер «жапанюки» оларды бәрі пайдаланады, ақшаның артына түскен зұлым, «noson hanayome», «почта арқылы тапсырыспен алынған қалыңдықтар», «аштықтан құтқарушы қалыңдықтар» (Suzuki, 2003: 16-17). Ауылдық аймақтарда демографиялық дағдарыс, әйел адамдардың санының төмендеуі, жалғыз басты ер адамдардың көбею мәселесін, жергілікті басқару мекемелері филиппин әйелдерін ауылдық жерлердегі демографиялық мәселені шешудің бірден- бір жолы ретінде қолданды. 1980 ж. аяғында баспасөз көздерінде бақытты әйел кейпіндегі филиппин әйелдерін көрсетіп, олардың отбасына, жолдасының қартайған ата анасына қамқор болған әйелдерді суреттейтін бейнелер шықты, мұның артында жар емес жұмыс күшіне айналған, түнгі ойын сауық орындарында жәбір көріп жатқан әйелдердің тағдырлары жасырылған еді, бұл сол кездегі заңның әлсіздігі еді. Азия аймағындағы әйелдердің көші-қон мәселесі, мемлекеттің ролі, әйел еңбегін қажет ететін нарықтағы сұраныс, әйел мигранттарға қатысты саясат, заң аясында олардың құқықтарының реттелуі, әйел мигранттарына қатысты шектеулер, миграциялық заңның әйел адамдарға ер адамдарға қарағанда мүлдем басқаша қаралғанын көрсетті. Халықаралық некені бизнеске айналдырып, дамушы мемлекеттерден дамыған Жапонияға қалыңдықтарды алып

келу осы 1980-1990 жж. тән жағдай. Қалыңдықтар көбінесе Қытай, Оңтүстік Корея, Филиппин елінен болды. Осы кезеңдерде басқа елдегі қалыңдықтарға сұраныс өте жоғары болды, тіптен почта арқылы танысып, тұрмыс құрған жағдайлар да аз емес (Nakamatsu, 2003). «Asian wives», «western husbands» ұғымы пайда болды (Takeshita, 2001, Nakamatsu, 2003). Глобалды гипергамия ұғымына сәйкес қалыңдықтар дамушы Азия елдерінен келген болса, күйеу жігіттер дамыған Еуропа елдерінен келгендер болды. Қоғамда да, отбасында да еуропалық жігіттерге қатысты жақсы пікір қалыптасқан еді. Бұған себеп, миграциялық заңға сәйкес Еуропадан келген кәсіби деңгейлері жоғары жұмысшыларға артышылықтар көп болды.

1990 ж. дейін филиппин әйел адамдары мен жапон ер адамдары арасындағы халықаралық неке бір жақты зерттеліп келді. Халықаралық сауда субъектісіне айналған немесе жәбірленуші, көңіл көтеретін жерлерде жұмыс істейтін, ақша табудың артына түскен, кедей елінен шыққан әйелдер. Осы жылдардан бастап, жаһандану және әлеуметтік мәдени трансұлттану процесінің салдары жапон ер адамдары мен филиппин әйел адамдарының арасындағы халықаралық неке трансұлттық процесстерде маңызды орын ала бастады. Негізгі зерттеу жұмыстарында ол әйелдерді жәбірленуші немесе сауда нысаны ретінде көрсетті. Бірақ олардың жеке тәжірибелері, жаңа әлеуметтік жағдайға бейімделу жолдары қарастырылмады. Жалпы, ол әйелдер нені қалайды, олар кімдер деген мәселе сырт қалып отырды. Халықаралық некеде отбасылық, эмоциялық байланыстар, екі ұлттың ерекшелігі, ұлттық шекараның қиылысу мәселесі, жапон-филиппин отбасында өздерінің отбасылық өміріне деген үміттері, күресі бар (Suzuki, 2003: 214–217). Енді әйел-құрбан, халықаралық неке-кедейліктен, қиыншылықтан қашу, өз еліндегі шектелген бір шеңберден шығудың жолы ретінде ғана емес, өз бақытын іздеуші, адамның өз тағдырын өз қолына алып, жақсы өмірге, бақыт табу жолында шешім қабылдап, соны жүзеге асыру үшін ешнәрседен тайынбайтын агент ретінде қарастырылады. Осы уақытқа дейін қалыптасқан, некеге ұласатын әйелдер миграциясы үнемі кедейліктің салдары деген тенденция өзгерді. Халықаралық неке қалыңдықтар саудасы, әйелдерді пайдаланудың нәтижесі емес, сезімге негізделген, әлеуметтік, мәдени, тілдік қиыншылықтарға толы күрделі құбылыс. Әйелдер тек жәбірленуші ғана емес, олар сол құбылыстың негізгі себепшісі, қозғаушы күші. Сонымен қатар, халықаралық неке мәселесін қарастырғанда дамыған мемлекет өкілі, дамушы мемлекет өкіліне менсінбеушілікпен қарайтын, жеке мүддесі үшін, үй шаруасына көмектесетін әйел болса болды деген мақсатпен почта арқылы болашақ жарын іздеген жапон ер адамдарының бейнесінен кетіп, бақытты отбасылық өмірден үмітті, өзінің сезімі бар ер адамдарының бейнесін көруге болады. Сондай-ақ трансұлтты неке – бір оқиғаның соңы емес, керісінше үздіксіз процесс (Suzuki, 2003). Мұндай некеде тек екі адамның арасындағы байланыс, келіспеушілік, қиыншылықтар ғана емес, екі ұлт, екі мәдениет арасындағы келіспеушілік, қақтығыс болып табылады. Бірге тұру барысында өмір, сезім, қарым-қатынас туралы түсініктерін өзгерту, келісу арқылы бір шешімге келіп отырады. Халықаралық неке мигранттары тек әйелдер ғана емес. Жапонияға келіп, жапондықпен некелесіп, неке визасын алып, кейіннен ол тұрғылықты тұрғын визасына ауысып, жай жұмысшыдан жеке кәсіпкерге айналған пәкістандық ер адамдар- мигранттар бар. Өздері Жапонияда бизнес жасап, ал отбасылары Пәкістанға немесе үшінші бір жерге көшіп, жапон әйелдері өздері мигранттарға айналған жағдайлар да кездеседі. Сондай-ақ діни, мәдени өзгешеліктерге байланысты некедегі мәдени, бірегейлік аспектілердің өзгеруі де талданған. Өздерінің экономикалық жағдайларына байланысты, пәкістандықтар ұйымын құрып, сол жылдары жапон елінде мешіттердің көп пайда болуына әсер еткен осы пәкістандықтар деп көрсеткен. Яғни, қоғамға интеграциялануы, трансмәдени орта құру, сол мигранттардың қоғамдағы экономикалық, әлеуметтік жағдайына тікелей байланысты деп тұжырым жасауға болады. Өздерінің әлеуметтік жағдайларын жақсартып, қоғамдағы таптық жағдайын да жақсартып, қоғамға мүше болып қана қоймай өздерінің дінін, мәдениетін сол қоғамға алып келіп, трансұлттық қоғамының құрылуына үлесі деп қарастырса болады. Сонымен қатар

Оңтүстік Азия, Оңтүстік Шығыс Азия мемлекеттерінен көбінесе әйел адамдар көп кездессе, Пәкістан мемлекетінен көп жағдайда ер адамдар көп болғанын байқауға болады. Трансұлттық неке тақырыбында Оңтүстік Шығыс Азия мемлекеттерінен келген кәсіби біліктілігі төмен әйелдер мен жапон ауылдарында тұратын ерлер арасындағы неке мәселесі жан-жақты қарастырылып, ал орта тап өкілдері арасындағы аралас неке тақырыбы назардан тыс қалған. Ал, трансұлттық некеде қай ортаға, тапқа жататыны маңызды, бұл жерде виза алу, тұрғылықты жері мәселесі маңызды емес, бұл жерде неке тек миграцияның салдары, бастапқыда Жапонияға келу себебі басқа болғандықтан некеге тұру себебі де мүлдем басқа болады екен. (Igarashi, 2016).

Зерттеу нәтижелері

Халықаралық некені миграцияның салдары ретінде, миграция контекстінде зерттеп, бұрынғы кеңестік мемлекеттерден, соның ішінде Еуропа аймағынан келген орыс тілді әйелдер көп зерттеу жұмыстарында Еуропа елдеріне кіргізеді, бұлай топтастыру қате, Ресейден келген әйелдердің мақсат-мүдделері Оңтүстік Шығыс Азия мемлекеттерінен келген әйелдерге ұқсас екен (Mukhina, 2013). Бірақ В.Мухинаның пікірінше неке миграциясын жеке құбылыс ретінде, миграцияның салдары ретінде қарастырған зерттеулер аз екен. Бұл зерттеуші халықаралық некені жеке құбылыс ретінде қарап, миграциямен арасындағы байланысты зерттеп, мемлекеттік құрылымдардың роліне баға берген. Бұрынғы пост-кеңестік мемлекеттерден келген неке мигранттарын қарастырған зерттеушілердің пікірінше, олардың басты мотивтері экономикалық мүдде, яғни, дамуы жағынан Жапониядан артта қалған елден келетін азаматтардың басты мақсаты жағдайы жақсы ер азамат тауып, тұрмыс құру, Жапонияда қалу. (Kim, 2014: 28–38). В. Ким жұмыстарында халықаралық неке деген не, халықаралық некенің зерттелуі, өткені мен қазіргі кездегі жағдайы, жар таңдауы, отбасы, ажырасу мәселелеріне тоқталған. Зерттеу жұмысында 1965–2019 жж. аралығында жапондықтардың шетелдіктермен некелесуін қарастырып, жасалған зерттеу жұмысынан халықаралық неке 1990 жылдан бастап өсіп, шарықтау шегі 2005 жылға келетіндігін көреміз. 20005 жылдан бастап 2015 жылдар аралығынада күрт кеміп, 2020 жылға дейінгі көрсеткіш бір қалыпты динамиканы сақтап тұрғанын байқауға болады. Сонымен қатар, гендерлік жағдай миграцияға себеп болған мәселені де жан-жақты қарастырған. Совет Одағы ыдырағаннан кейін қоғамдағы әйелдердің жағдайына қалай әсер еткенін, қалай өзгергенін, әйелдердің өз елдерін тастап, өз бақытын басқа елде іздеуіне не себеп болғанын зерттеп, бұрынғы Кеңес мемлекеттерінің әйелдерінің, соның ішінде Ресей әйелдерінің мақсаттары, себептері, оған жету жолдары, соған жету үшін жасаған іс-әрекеттері мүлдем басқа болғанын анықтаған. Бұл жерде әл халықтың, елдің тарихи, саяси, әлеуметтік жағдайын, бірегейлігін, мәдениетін ескеру керек екенін көруге болады. Яғни, бұрынғы кеңес одағына кірген 15 мемлекеттің географиялық жағдайы, этникалық құрамы, мәдениеті, ұлттық бірегейлігі әртүрлі болған. Оның барлығы халықтың дүниетанымына, өмір-салтына, көзқарасына әсері бары сөзсіз. Сондықтан әр елді өз ерекшелігіне байланысты қарастыру маңызды екенін, әр елде миграция себебі, салдары әртүрлі болатынын көре аламыз. Сондай-ақ бұл еңбектің құнды жері- Жапониядағы 2012 жылы Ресей, Украина, Беларусь, Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстаннан келген, жапондықтарға тұрмысқа шыққан әйелдер санын көрсеткен. Әр елден қанша адам дәл сол уақытта Жапонияда тұрып жатқанын біле аламыз. Сонымен қатар осы елдерден келген 45 әйелден интервью алып, сол әйелдердің әңгімесінен үзінді келтірген. Әр әйелдің жасы, қандай себеппен Жапонияға келгені жайлы егжей-тегжейлі сұрап, интервью алған. Бұл ақпаратты болашақ зерттеу жұмыстарында дереккөз ретінде пайдалануға болады. Посткеңестік мемлекеттерінен Жапонияға келген неке мигранттары туралы зерттеген жұмыстарында В. Мухина халықаралық некені миграциялық әлеуметтану тұрғысынан қарастырған. Мәдениетаралық неке, ұлтаралық неке, трансұлттық неке ұғымдары арасындағы айырмашылықтарға түсінік берген. Мәдениетаралық неке-

миграциясыз, ұлтаралық неке- жұбайлардың біреуінің миграциясы, трансұлттық неке-отанымен қарым-қатынас сақталған (Mukhina, 2013). Яғни, әр некенің өзіндік ерекшелігі бар, бір түсінікпен қабылдау қате болады. Халықаралық некені жеке әлеуметтік құбылыс, бір-бірін қайта құратын, неке және миграция институттарының қиылысу нүктесі, халықаралық некені жеке қарастыру қажет, сонымен қатар ол неке мен миграция ұғымдарынан ажырату дұрыс емес. Көп жағдайда халықаралық неке миграцияның салдары немесе халықаралық неке миграцияға алып келеді. Екеуін жеке-жеке қарастыру мүмкін емес. Екі жас саяхаттау барысында немесе әлеуметтік желіде бір-бірімен танысып, ұнатып, некеге тұруға шешім қабылдап, неке тұрып, жарының еліне көшіп келеді, яғни романтикалық байланыс миграцияға ұласады, ал керісінше Жапонияда оқуға немесе жұмысқа келіп, сол жерде тұрып жүріп, болашақ жарымен танысып, некеге тұратын кейстер бар, бұл жерден миграцияның халықаралық некеге алып келгенін көреміз. Әртүрлі мысалдар бар, мүлдем басқа екі азаматтың отаны болып табылмайтын елде танысып, неке тұрып, кейін Жапонияға тұрақты тұруға келгендер де болуы мүмкін, бірақ некенің себебі әртүрлі болғанымен, екі ел азаматының арасындағы халықаралық неке мен миграция процесі бір-бірімен тығыз байланысты екені анық, сонымен оны әлеуметтік құбылыс ретінде қарастыру да маңызды, себебі, халықаралық неке ол тек екі адам, екі отбасы, екі әулет арасындағы қарым-қатынас аясынан шығып, екі түрлі мәдениет, кей жағдайда екіден де көп мәдениет, тіл, дін, дүниетанымды, елді қамтитын құбылыс. Өте күрделі, қиыншылықтарға толы, дегенмен, ерекше, өзіндік тартымдылығы бар құбылыс деп айтуға болады. Сонымен қатар В. Мухинаның ұсынысы ретінде миграциялық заңды қайта қарастыру ұсынған. «Неке визасына» балама ретінде некеден тыс статусты заңдастыру (Mukhina, 2013). Неке визасы әйел адамдарды ер адамдарға тәуелді болуға мәжбүрлейді, некеді бақытсыз болса да, ажырасқан жағдайда неке визасынан айырылып, еліне қайтуға мәжбүр болатынын білетін әйел адам, қиындықтарға шыдауға, күйеуі тарапынан кемсітушілік болса да шыдауға мәжбүрлі, кейде ер адамдар әйелдерінің қиын жағдайын біліп, «неке визасыз» ешқайда кетпейді деп әлімжеттік жасауын жалғастырады. Әйел адам қоғамға интеграцияланбаса, жұмысы болмаса, ер адамға толық тәуелді болса, оның өмірі де қиын. Яғни, зерттеуші орыс тілді әйелдердің халықаралық некесінің үш өлшемін ұсынады: күйеуімен байланыс, жергілікті қоғамға қосылуы, мемлекетпен байланысы (Mukhina, 2013). Осыған байланысты әйел адамдардың қоғамға бейімделуі, ары қарай еркін өмір сүріп кетуі тікелей байланысты деп айтуға болады. Өмірі тек күйеуіне байланысты әйелдердің сол қоғамдағы өмірі де қиын болады. Қорытындылай келгенде, В. Мухина халықаралық некенің құрылымдық, институционалдық пішінін қарастырған. Посткеңестік елдерден келген Жапониядағы неке мигранттарын зерттеген ғалымдардың бірі- В.Ким. Зерттеуші халықаралық неке мәселесін гендерлік саясат аясында қарастырады. Мақалада өкімет құрған үш гендерлік моделді атап көрсетеді: 1920–1950 жж.: жұмыскер әйел – өндірістің толыққанды мүшесі. 1960–1980 жж.: интеллигент әйел – ер адамдармен бәсекелес бола алатын білімді әйел. 1980 ж. соңынан бастап: үй шаруасындағы әйел – экономикалық дағдарыс нәтижесі. Бірақ экономикалық тұрақсыздық және арқасүйер ер-азаматтың болмауы «үй шаруасындағы әйел» идеалы жүзеге асыртқызбады. Шынайы мен идеалды өмір арасындағы текетіреске алып келді. Экономикалық дағдарыс, ер адамдар арасындағы жұмыссыздық ер адамдардың арасындағы ішкіліктің, жұмыссыздықтың, кедейшіліктің өсуі, мемлекеттің патриархалды үлгіні ұсынып, бірақ оны жүзеге асыруға жағдай жасамады. Осылай өз елдерінде гендерлік идеалды таппағандықтан, соны жүзеге асыру мақсатында, шетелден, соның ішінде Жапониядан жар іздей бастайды, шетелдікке тұрмысқа шығу арманы, соған жету жолындағы стратегиялар. Яғни, шетелдікке тұрмысқа шығу жолдарын іздей бастайды және соған жету үшін әртүрлі іс- әрекетке барған. Соның ішінде, келесі сттарегияларды анықтаған: шет тілдерін оқиды, шетелдік компанияларда жұмыс істейді, танысу сайттарын, агенттіктерін қолданады, Жапонияға еңбек визаларымен барып,

клиенттермен, жұмыс берушілермен некеге тұрады. Мемлекет танған гендерлік модель әйел адамдардың өз бақытын басқа елден іздеуіне алып келді (Kim, 2014: 27).

1-кесте. Халықаралық некенің зерттелу деңгейі.

№	Авторы, шыққан жылы, тілі	Тақырыбы	Мазмұны
1	Nitta F. 1988 жапон тілінде	Kokusai kekkon: Trends in Intercultural Marriage in Japan	Жапонияда халықаралық некенің пайда болуы, тарихы, 1980 жж. қалыптасқан трендтер, 1985 жылы қабылданған заң бойынша бір ата-анасы жапондық болса, баласы жапон азаматтығын ала алатындығы, бұл уақытқа дейін тек әкесі жапон азаматы болса ғана баласы жапон азаматы бола алатын, осы заңның қоғамдағы халықаралық некеге көзқарастың өзгеруіне алып келді. Сонымен қатар 1985 ж. жапон газетінде жапон ер адамдарымен некеге тұрған батыс әйелдері туралы мақала шығады, сонымен қатар осы жылдары халықаралық неке туралы көптеген кітаптар жарық көреді, осының бәрі халықаралық некеге қатысты пікірлердің өзгеруіне ықпал еткенін, Жапонияда халықаралық неке қатысты жаңа трендтің қалыптасқанын ашып көрсеткен. Asian women, western partners
2	Hara T. 1996 жапон тілінде	Recent Trends in "International Marriages" and "International" Births in Japan	Жапониядағы қазіргі кездегі халықаралық неке мен халықаралық отбасы зерттеулеріндегі негізгі трендтер, халықаралық неке мен отбасы санының өсуімен байланысты факторлар қарастырылған. Сонымен қатар осы некеде туған “international children” мәселесі зерттелген.
3	Kamoto I. 1997 жапон тілінде	Kokusai kekkon to rekishi shyakai gakuteki ruikai	Жапониядағы ең алғаш рет халықаралық неке мәселесі ғылыми дискурс ретінде қарастырыла бастағаны, тарихы, дамуы зерттелген
4	Takeshita Sh. 1998 жапон тілінде	The degree of Social Acceptability toward Intercultural Marriage	Жапон қоғамының халықаралық некеге қарым-қатынасы, қалай қабылдайтыны зерттелген, жалпы, қоғамға халықаралық некелен қандай өзгеріс алып келетіндігі зерттелген.
5	Suzuki N. 2000 ағылшын тілінде	Women Imagined, Women imaging: Re/presentations of Filipinas in Japan since the 1980s	Жапон қоғамындағы филиппин әйелдерінің бейнесі қарастырылған. Өртіс визасымен келіп, эңтертеймент саласында жұмыс істеген филиппин әйелдері мен ауылдық аймақтарда құтқарушы ролін ойнаған филиппин әйелдердің бейнесіне талдау жасалған.
6	Komai H. 2001 ағылшын тілінде	Foreign migrants in contemporary Japan	Жапониядағы мигранттар, соның ішінде неке мигранттарының қоғамға қалай бейімделгені, бейімделу кезеңдері, оған әсер ететін ішкі және сыртқы факторлар қаралған.
7	Takeshita S. 2001 жапон тілінде	Kokusai Kekkon no Shakaigaku	Жапондар мен шетелдіктер арасындағы халықаралық некеге анықтама беріп, олардың ерекшелігін зерттеген.

8	Piper N. 2003	Wife or Worker? Worker or Wife? Marriage and Cross-Border Migration in Contemporary Japan	Осы уақытқа дейін жазылған зерттеу жұмыстарына шолу жасалып, миграция мен халықаралық неке арасындағы байланысты қарастырып, осы уақытқа дейін әйел неке мигранттарына беріліп келген анықтаманы қайта қарастыру екендігін айтады Mail-order bride, Asian women
9	Baibikov E. 2006 ағылшын тілінде	Russian wives in Japan: Identity Re-construction and its Implications for Social Integration of Foreign Spouse	Кансай аймағында тұратын Ресейден келген халықаралық неке мигранттарынан интервью алып, соның негізінде жапон қоғамына интеграциясын, ұлттық бірегейлігінің өзгеруін зерттеген жұмыс.
10	Morgan Ch. V., Hoffmann J. P. 2007 ағылшын тілінде	International Marriages in japan: A prefecture-level analysis	Жапонияның ауыл-аймақтарындағы халықаралық некені зерттеп, еңбек мигранттарының халықаралық неке санының өсуіне әсерін қарастырған.
11	Liaw K., Ochiai E., Ishikawa Y. 2007 ағылшын тілінде	Feminization of Immigration in Japan Marital and Job Opportunities	Кәсіби біліктілігі төмен, қара жұмысшылардың жетіспеушілігі 1990 ж. жапон өкіметінің миграция саясатына өзгеріс енгізуіне алып келді. Әсіресе денсаулық сақтау саласында жұмысшылардың жетіспеушілігі, ауылдық жерлерде әйел адамдардың санының төмендеуі шетелден әйел мигранттарының көптеп келуінің халықаралық некеге әсері қарастырылған.
12	N. Suzuki 2007	Marrying a Marilyn of the Tropics: Manhood and Nationhood in Filipina Japanese marriages	Әлемдік, жергілікті масштабтағы гендерлік түсініктер, әлемдік түсінікте ер адамдардың басым болуы, гендерлік. ұлттық бірегейлік аясындағы қалыптасқан құндылықтардың филиппин әйелдері мен жапон ерлерінің арасындағы некеге әсері зерттелген. Бірінші, үшінші әлем арасындағы қарым-қатынас талданған.
13	Kamiya H., Lee Ch. W. 2008 ағылшын тілінде	International Marriage Migrants to Rural Areas in South Korea and Japan: A comparative analysis	Жапония және Оңтүстік Кореяның ауылдық аймақтарында халықаралық неке мигранттарының соның ішінде әйел мигранттарының санының өсуі, оның алғышарттары зерттелген. Екі елдегі жағдайға салыстырмалы талдау жасалған. Rural bride, mail-order-bride
14	Suzuki N. 2012 ағылшын тілінде	Forever in Love? Labour, Temporality, and Filipino Women in Japan	Жапонияға әртіс визасымен, еңбек мигранты болып келген филиппин әйелдерінің қазіргі кездегі жағдайы, жапон ер адамдарымен некеге тұрып, бақытты өмір құра алды ма, олардың жұмыс істейтін негізгі салаларына талдау жасаған.
15	Kawaguchi D., Lee S. 2012 ағылшын тілінде	Brides for Sale: Cross-Border Marriages and	Дамушы Азия елдерінен дамыған Азия елдеріне, соның ішінде Жапония, Оңтүстік Корея, Сингапур, Тавань елдеріне қалыңдықтардың импорты қарастырылған. Бұған себеп ретінде әйел адамдардың арасында білім

		Female Immigration	алып, мансап қуған әйел санының өсуі деп анықтаған. Эмпирикалық зерттеулермен осы гипотезаны дәлелдеген, яғни білімді әйелдер некеге тұруға ұмтылмайтынын ашып көрсеткен.
16	Kim V. 2012 ағылшын тілінде	Migration Policies vs. Entertainers: Female Labor Migrants in Japan from the Former USSR	Миграциялық саясаттың көңіл көтеру саласына әртис визасымен посткеңестік мемлекеттерден келетін неке мигранттардың келу жолдары, олардың Жапониядағы жағдайы, жапондықтармен некеге тұру себептерін қарастырған.
17	Muhina V. 2012	Contemporary Immigration Policies in Japan Migration Policies and Cross-National Marriage in Japan: Routes to Settlement	Жапониядағы иммиграциялық саясат пен халықаралық неке арасындағы байланысты зерттеген. Жапонияға неке мигранттарының келу жолдары қарастырылған.
18	Muhina V. 2012	Sociology of Cross-National Marriage: A case of Russian-speaking Wives in Japan	Орыс тілді әйел мигранттарының мысалында Жапониядағы халықаралық некені қарастырған. Азиялық, еуропалық қалыңдықтар деп аймақ бойынша зерттеу толыққанды әйел неке мигранттарының бейнесін бермейтінін анықтаған, себебі Ресей еуропа елі болғанымен, орыс әйелдерінің Жапонияға келу алғышарттары, себебі Оңтүстік Азия елдерінің, соның ішінде филиппин әйелдерінің жағдайынан ұқсас екені қаралған.
19	Jones G.W. 2012 Ағылшын тілінде	International Marriages in Asia: What we do know, and What Do we need to know	Оңтүстік Азия, Оңтүстік Шығыс Азия елдеріндегі халықаралық некенің күрт өсуі, оған не әсер етті, осы бағытта қандай трендер қалыптасты, қандай ішкі және сыртқы факторлар бар деген мәселелер зерттелген.
